

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 –«Құқық қорғау қызметі»

мамандығы бойынша

TGP 1103 «МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ»

пәні бойынша

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 79 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген
3. Алғаш енгізілген
4. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Мемлекет және құқық теориясы юридикалық ғылым және құқықтық пәндер жүйесінде ерекше орын алады. Оларға қарағанда, жалпы теориялық және әдістемелік функцияны орындай отырып, ол белгілі бағдарлық қызмет атқарады. Әдетте, оның мемлекеттік-құқықтық даму заңдылығы мен қарқынын ашатын сипаты мынадай, нақты юридикалық ғылым мен пән өкілдері «өздерінің» зерттейтін құбылыстарының жаңа жағын және қырын байқауда немесе оны түсіндіруде және талдауда жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігі туындайды. Сонымен қоса нақты юридикалық ғылымдар өз зерттеу қызметінде мемлекет және құқық теориясының мемлекеттік-құқықтық аясын қамтитын, соның ішінде мысалы:

- мемлекеттік ұйғарымның императивтілігі, олардың билік құрылымының мәжбүрлік күші арқылы нығайтылғандығы және шартсыз міндеттілік сипатының болуы;

- құқықтық актілер иерархиясының сақталу маңыздылығы, соның ішінде конституция ең жоғары күшіне ие сияқты ұғымдық және түсініктемелік аппараттарды кеңінен қолданады.

- мемлекетке тән және оған құқықбұзушылықпен күресуіне кең мүмкіндік беретін құқыққорғау қызметі нысанын бөліп қарастыруы.

Сол сияқты мемлекет және құқық теориясында құзырет, заңдық мәртебе, құқықсубъектілік, азаматтылық, иммунитет, депортация, қылмыстылық және құқық бұзушылық, юридикалық (заңшығарушылық) техника, континуитет, легислатура және т.б. ұғымдар қазіргі таңда юриспруденцияның жалпы құндылығы болып табылады. Юриспруденцияда мемлекет және құқық теориясы интегративтік құрылымын құрады, яғни өзіне барлығын шоғырландыратын оның квинтэссенциясы деуге болады.

Жоғарыда айтылғандар курсанттардың мемлекет және құқық теориясын оқып үйренуге деген нақты қатынасының маңыздылығының көпе көрнеу үлгісі. Бұл оларға жалпы юриспруденция үшін кейбір іргелі және түйінді сауалдарға зейін аудару мүмкіндігін береді, ондай білімдерге оларсыз көптеген салалық проблемаларды түсінуге жол бермейтін білімдер жатады. Осы ғылымның теориялық - әдістемелік тұғырымен және оның мазмұнымен таныстығымыздың арқасында курсанттар юридикалық пәндердің «құпияларын» белсенді және табысты игеру мүмкіндігі бар.

Мемлекет және құқық теориясы іргелі, әдістемелік жалпы заң пәні болып табылады, ол барлық мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға қатысты алғашқы базалық білім береді, салалық заң ғылымдарымен қолданылатын негізгі түсініктер мен санаттарды, құқықтың тиімділігі мен жалпы құқықтық тетікті жетілдіруге қатысты қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастырады. Заң ғылымдары мен пәндер арасында олар үшін белгілі бағыт беруші және онымен жалпы теориялық және әдістемелік функцияларды жүзеге асырушы болып табылады. Мемлекеттің және құқықтың рөлі қоғамның ауыспалы кезеңдерінде, қазіргі экономиканы реформалау жағдайдағы Қазақстандық қоғамның басынан өткеріп жатқан

кезде ерекше байқалады. Мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамдағы құқықтық қатынастар адамдардың барлық қызметіне енеді, ал мемлекет оның белсенді мүшесі болып табылады. Мемлекеттің маңызды проблемаларын жаңаша түсінуіге бағытталған қазіргі заманғы әдістемелік базаны қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекет және құқық теориясын оқытудың мақсаты курсанттарды қазіргі кездегі мемлекеттік-құқықтық құбылыстар жайлы білімдерге жетелеу, оның типтері, нысандары және функциялары туралы, мемлекеттің механизмі және құқықтық реттеудің сатылары туралы, адамның құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету мен қорғау, соның ішінде құқыққорғау қызметінің ерекшеліктері және оның қылмыспен құқықбұзушылыққа қарсы күреске бағытталуы жайлы үйрету болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының пререквизиттері: Жалпы тарих, Қазақстан тарихы, Қоғамтану, Философия, Әлеуметтану, Саясаттану.

Мемлекет және құқық теориясының постреквизиттері: Конституциялық құқық, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, Қылмыстық құқық, азаматтық құқық.

Аралас пәндер тізімі және олардың мемлекет және құқық теориясымен өзара байланысы:

1. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Тақырыптары: Мемлекет және құқықтың тарихи типтері және нысандары. Тарихи құқықтық ескерткіштер. Ежелгі дүние, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман мемлекет және құқығы.

2. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Тақырыптары: Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуының тарихи алғы шарттары. Егеменділіктің қалыптасу кезеңдері және қазақстандық мемлекеттіліктің даму келешектері. «Жеті Жарғы» және басқа да бұрынғы құқықтық ескерткіштер.

3. Конституциялық құқық. Тақырыптары: Мемлекеттік билік, оның ерекшеліктері. Тікелей және өкілді демократия. Адамның құқықтары мен бостандықтары. Мемлекет, тұлға, қоғам. «Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың конституциялық мәртебесі». Сонымен қатар, мемлекет және құқық теориясының кейбір тақырыптарын терең үйрету үшін Курсанттарды философияда, саясаттануда, әлеуметтануда, сөздіктерде, энциклопедияда және т.б. кездесетін социум (қоғам), халық, қоғамдық пікір, саясат, мораль, дін, азаматтық қоғам, партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, жеке тұлға сияқты ұғымдардың мазмұнымен таныстырған жөн. Мемлекет және құқық теориясының іргелі және әдістемелік сипатын ескере отырып, пән бойынша білім барлық юридикалық пәндерді оқып үйренуде қажет.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Мемлекет және құқық теориясы юридикалық ғылым және құқықтық пәндер жүйесінде ерекше орын алады. Оларға қарағанда, жалпы теориялық және әдістемелік функцияны орындай отырып, ол белгілі бағдарлық қызмет атқарады. Әдетте, оның мемлекеттік-құқықтық даму заңдылығы мен қарқынын ашатын сипаты мынадай, нақты юридикалық ғылым мен пән өкілдері «өздерінің» зерттейтін құбылыстарының жаңа жағын және қырын байқауда немесе оны түсіндіруде және талдауда жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігі туындайды. Сонымен қоса нақты юридикалық ғылымдар өз зерттеу қызметінде мемлекет және құқық теориясының мемлекеттік-құқықтық аясын қамтитын, соның ішінде мысалы:

- мемлекеттік ұйғарымның императивтілігі, олардың билік құрылымының мәжбүрлік күші арқылы нығайтылғандығы және шартсыз міндеттілік сипатының болуы;

- құқықтық актілер иерархиясының сақталу маңыздылығы, соның ішінде конституция ең жоғары күшіне ие сияқты ұғымдық және түсініктемелік аппараттарды кеңінен қолданады.

- мемлекетке тән және оған құқықбұзушылықпен күресуіне кең мүмкіндік беретін құқыққорғау қызметі нысанын бөліп қарастыруы.

Сол сияқты мемлекет және құқық теориясында құзырет, заңдық мәртебе, құқықсубъектілік, азаматтылық, иммунитет, депортация, қылмыстылық және құқық бұзушылық, юридикалық (заңшығарушылық) техника, континуитет, легислатура және т.б. ұғымдар қазіргі таңда юриспруденцияның жалпы құндылығы болып табылады. Юриспруденцияда мемлекет және құқық теориясы интегративтік құрылымын құрады, яғни өзіне барлығын шоғырландыратын оның квинтэссенциясы деуге болады.

Жоғарыда айтылғандар курсанттардың мемлекет және құқық теориясын оқып үйренуге деген нақты қатынасының маңыздылығының көпе көрнеу үлгісі. Бұл оларға жалпы юриспруденция үшін кейбір іргелі және түйінді сауалдарға зейін аудару мүмкіндігін береді, ондай білімдерге оларсыз көптеген салалық проблемаларды түсінуге жол бермейтін білімдер жатады. Осы ғылымның теориялық - әдістемелік тұғырымен және оның мазмұнымен таныстығымыздың арқасында курсанттар юридикалық пәндердің «құпияларын» белсенді және табысты игеру мүмкіндігі бар.

Отандық мемлекет және құқық теориясы өзінің даму кезеңінде көптеген қиындықтарды басынан өткерді, қоғам тұғырын идеалдандырып және саясиландырып терең дағдарыстық күйге түсірген партиялық қағиданы жүктеді, енді соның ықпалынан шығуға тырысып жүрміз. Қазіргі қабылдап жатқан шаралар, әзірше оны толық сауықтыруға жеткіліксіз, оның дәлелі қазіргі қоғам деңгейі. Алдымызда кеңес дәуірінің мұрасынан толық құтылу және қоғамның мемлекеттік-құқықтық өмірінің қазіргі болмысымен сусындалған ережелерімен мемлекет және құқық теориясын байыту міндеті

түр. Бұл ғылыми зерттеу мазмұнымен, әдістері, әдістемесімен және өмірлік процесс нәтижелері және байлам түйіндерімен де жанасады. Мемлекет және құқық теориясын жаңарту мен сауықтыруда қолданып жатқан шараларға курсанттар қауымын кеңінен қатыстырған жөн, оларды жетістіктерге сыни тұрғыдан қарауға жетелеу және дағдарысты жылдам жою жолдарын табуға бағыттау керек. Курсанттар қауымы ғылымның болашағы: біздің үмітіміз де, келешігіміз де олармен байланысты; олардың еңбегі тезірек дербес ғылыми жұмыс қатарын толтырса, солай олардың көзқарасы белгілі орынға ие болады.

Курсанттардың юридикалық білімге қосу процесінде белгілі кезектілікті сақтау қажет: бастапқы құқықтық ұғымдар мен түсініктерді меңгеруіне үйретуді мақсатына сай бастау керек, содан кейін күрделілікпен кешендік ұғымдар мен түсініктерге көшу, содан соң тұжырымдар мен ғылым саласындағы теорияларды зерттеуге кірісуі қажет. Басқа да юридикалық (сонымен қоса, философиялық, әлеуметтік және т.б.) пәндерді паралельді және кезектілікпен зерттеу жоғарғыдағыдай тәртіппен жүруі тиіс, курсанттардың юридикалық дүниетаным процесінің қалыптасуы, олардың құқықтық сана, құқықтық мәдениет, азаматтылықтың қалыптасуы күшейеді. Аталмыш үлгі бағдарлама республика өмірінде болып жатқан мәнді өзгерістерді, және бұрынғы бағдарлама қабылданып жарияланғаннан кейінгі жоғары юридикалық білім саласындағы өзгерістерді ескере отырып құрылған. Ол қазіргі қазақстандық және ресейлік ғылыми еңбектерде (монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.) бекітілген мемлекет және құқық теориясының дамуының қазіргі деңгейін бейнелеуге ұмтылады. Бағдарлама ғылыми пікір-сайыстар мен талқылаулар материалдарын (қажет болған жағдайда, бірақ шектелген көлемде) пайдалануды қарастырады.

Тақырыптық жоспар:

- 1-тарау. Мемлекет және құқық теориясына кіріспе
- 1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні.
- 2-тарау. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері. Мемлекет туралы ілімнің негіздері.
- 2-тақырып. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі.
- 3-тақырып. Мемлекет нысаны.
- 4-тақырып. Мемлекет функциялары және механизмі (аппараты).
- 5-тақырып. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.
- 6-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.
- 3-тарау. Құқық туралы ілімнің негіздері
- 7-тақырып. Құқық түсінігі және мәні.
- 8-тақырып. Құқық нормасы.
- 9-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері).
- 10-тақырып. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру, құқық шығармашылығы. Заңгерлік техника.
- 11-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі.

- 12-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты.
- 13-тақырып. Құқықтық қатынас.
- 14-тақырып. Құқықты жүзеге асыру және оның нысандары.
- 15-тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру.
- 16-тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдинет және құқықтық нигилизм.
- 17-тақырып. Заңдылық, тәртіп және құқықтық тәртіп. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық. Заңды жауаптылық.
- 18-тақырып. Құқық және тұлға.

Негізгі бөлім

Мемлекет пен құқық теориясына кіріспе

1-тақырып. Мемлекет және құқық теориясы пәні

Мемлекеттік-құқықтық ілім туралы мәселелер көптеген қоғамдық ғылымдарда зерделенеді. Олардың ішінде, мемлекет және құқық зерделеудің арнайы объектісін құрастырып, мемлекеттік-құқықтық немесе заңгерлік ғылым деп аталады. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекше зерделеу пәні болады. Мемлекет және құқық теориясы — заңгерлік ғылым, ол мемлекет пен құқықтың бүтіндей қасиеттерін жалпы және мәнді етіп зерделейді. Сондықтан да оны жалпы мемлекет және құқық теориясы деп атайды.

Ғылыми пәні — бұл оны зерделеудің объектісі, яғни, пәнді сипаттау, аталған ғылымды нақты зерделеуді көрсету.

Мемлекет және құқық теориясы пәні мемлекет пен құқықтың негізгі және жалпы заңдылықтарын құрастырып, олардың мәні мен мазмұнын, қалыптасуы мен дамуын көрсетеді. Мемлекет және құқық теориясы пәні мына төмендегідей зерделейді: мемлекет пен құқықтың мазмұны мен маңызын, олардың белгілерін, міндеттері мен функцияларын, нысандарын (қайнар көздерін), құқық нормасы ұғымы, құқық жүйесі, құқықты іске асыру, құқықтық қатынастар және т.б.

Мемлекет және құқық теориясы — мемлекет пен құқықтың қоғамдағы мәні, мақсаты және дамуы туралы негізгі және жалпы заңдылықтары туралы жалпыланған білімдер жүйесі.

Ғылыми пән нені зерттейтінін анықтаса, әдіс қандай да бір ғылыми құралдар мен тәсілдердің көмегімен пән мен құбылыстың қалай зертелетінін көрсетеді. «Әдіс» термині ғылымға ежелгі гректерден келген, табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмірді зерделеу, тану тәсілі деген мағынаны береді. Мемлекет және құқық теориясы — үнемі даму жолындағы ғылым. Мемлекет және құқық теориясының әдістері — бұл ғылыми нәтижелерді алуға және пәннің өзін тануға пайдаланылатын тәсілдер, амалдар, көзқарастар болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясының әдістері — бұл пәнді түсінуге мүмкіндік беретін тәсілдер мен бағыттардың жиынтығы. Мемлекет және құқық теориясының барлық әдістерін, олардың таралу деңгейіне байланысты келесі жүйеге келтіруге болады.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезеңдері. Мемлекет туралы ілімнің негіздері

2-тақырып. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі

Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билік және мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялар сипаттамасы. Мемлекет ұғымы, негізгі белгілері және оның мәні. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше түрі ретінде. Мемлекет типологиясына негізгі ойлар.

Қажетті ұғындыратын жайт, ол біріншіден алғашқы қауымдық, құрылыстың ыдырап кетуіне және мемлекет пен құқықтың пайда болуына қандай себептер түрткі болғандығын анықтау болса, екіншіден мемлекетті, рулық құрылыстың қоғамдық билігінен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін ашу. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп, олар жөнінде өз пікірін айту. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет пен құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылуы керек. Бірінші сұрақты курсанттарға мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларының мазмұнын ашып, сол теориялардың қоғамның даму деңгейімен жағдайлануын көрсетіп және ол жөнінде өз пікірінде айту қажет. Тиянақты негізделіп, дәлелденген мемлекет және құқықтың пайда болуының әлеуметтік-экономикалық теориясына баса назар аударылу. Оқып қарастыру барысында мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылысты болған қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғыну. Мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу. Мемлекетті, алғашқы қауымдық құрылыста болған, қоғамдық биліктен, ұйымнан айыратын негізгі белгілерін тереңнен ұғындыру қажет. Сонымен қатар мемлекеттің әрбір белгісінің мазмұнын ашу абзал. Мемлекет мәнін қарастыруда, оның екі аспектілеріне толығырақ, салыстырмалы мәлімет берген жөн. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шеңберінде діни, ұлттық нәсілдік мүдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Сұрақтың мәнін ашу барысында курсант мемлекеттік билікке сипаттама бермес бұрын әлеуметтік билікке анықтама беріп алу қажет. Әлеуметтік билік кез-келген ұйымдасқан, белгілі бір дәрежеде тұрақты адамдар тобына – руға, тайпаға, отбасына, қоғамдық ұйымға, партияға, мемлекетке, қоғамға және т.б. тән екендігі қарастырылып, мемлекеттік биліктің үстемділігі туралы анықтама беру керек. Мемлекет мәніне қатысты негізгі бағыттармен қатар, шеңберінде діни, ұлттық нәсілдік мүдделер нақты мемлекет саясатына үстемшілік жасайтын, аталмыш діни, ұлттық, нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Басқаша айтқанда мемлекет мәні көп аспектілі. Ол тек таптық жән жалпы әлеуметтік бастамаларға келіп тірелмейді. Сондықтан да тарихи жағдайларына байланысты мемлекет мәнісін, жоғарыда аталған бастамалардың қандай да болмасын біреуі құрауы мүмкін. Мемлекет типінің түсінігі мемлекет және құқық теориясының аса маңызды санатына жатады. Мемлекет типологиясы -

формациялық және өркениеттік көзқарастар көмегімен жүргізілетін, оның өзіндік саралануы. Осы уақытқа дейін жалғыз ғылыми көзқарас ретінде формациялық танылуы, оның басты өлшемдері әлеуметтік-экономикалық белгілеріне назар аудару қажет. Мемлекет типологиясының тағы бір көңіл аударарлық жағы өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде рухани белгілеріне мысалдар келтіру керек. Әсіресе, ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің пікіріне көңіл бөлген жөн. Мұның маңыздысы, мәдениет факторлары мәнді ретінде анықталған болса, осал тұсы, әлеуметтік-экономикалық факторлар дұрыс бағаланбағандығына көз жеткізу.

3-тақырып. Мемлекет нысаны (құрылымы)

Мемлекет нысаны (құрылымы) ұғымы. Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

Қоғамды басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастырудың түрі мемлекет нысанына баса назар аударылуы керек. Оның элементтерінің ара жігін ажыратып, маңызы мен орнын білу. Жоғарғы мемлекеттік органдардың құрылуы мен ұйымдасуының тәртібі, олардың бір-бірімен және тұрғындармен ара қатынасы сипаттау. Басқару нысаны ерекшеліктеріне таптық күштердің, билікте отырған әлеуметтік өкілдердің қарым-қатынасы, тұрғындардың ұлттық құрамы, мәдениет және салт дәстүр деңгейі қалай әсерін тигізетінін айту қажет. Мемлекет нысанының ерекшелігіне байланысты монархиялық және республикалық бөліну себептерін талдау. Мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипатын анықтау керек. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай немесе біртұтас (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі, ал күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет: империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар және одақтастықтардың мән-мағынасы мен айырмашылықтарын көрсету. Мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер жиынтығына қарай екі түрлі демократиялық режим (барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болып, әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, барлық азаматтар сотпен қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандықтарға қол жеткізсе, антидемократиялық режимде мемлекет қоғам өмірінің барлық саласына бақылау жасайды, адамды саяси билікке және үстемдік етуші идеологияға бағындыратынын білу қажет. Мына төмендегідей мәні бар ұғымдарға: қоғамның экономикалық даму деңгейіне; таптық күш ара қатынасы; ұлттық және мәдениетті салт-дәстүріне; халықаралық жағдайларға және т.б. мысал келтіру.

Қазақстан Республикасының мемлекеттілік сәйкестілігі: егеменділіктің параметрлері, жаңа модельдің көпнұсқалары, оларға жету жолдары. «Кәсіби» мемлекет туралы «Қазақстан-жолы - 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясы.

4-тақырып. Мемлекет функциялары және механизмі (аппараты)

Мемлекет міндеттері мен функциялары ұғымы. Мемлекет функцияларының топталуы. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары. ҚР ІО мемлекет функцияларын жүзеге асырудағы рөлі.

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын, олардан мемлекеттің мәні мен мақсаты көрініс табатынын, мемлекеттің функциялары оның міндеттерімен тығыз байланыстылығын, олар мемлекеттің мәніне тәуелді болып келетінін және оның өзгеруіне қарай өздері де өзгертетінін, сондай-ақ, мемлекет функциялары – ауыспалы сипаттағы категория екендігін, сондықтан да олар мемлекет түрінің басқа түрге ауысу жағдайында да өзгертетіні.

Мемлекеттің қызмет етуіне оның алдында тұрған міндеттері мен мемлекет мәнінің ықпалы. Мемлекет функциялары (қызметтері) ұғымының қалыптасуына деген әр түрлі көзқарастар. Мемлекет функцияларының жіктелуі: ішкі және сыртқы, тұрақты және уақытша, негізгі және негізгі емес.

Қазіргі кезеңдегі мемлекет функцияларының даму эволюциясы. Адам құқықтарын қамтамасыз ету, кепілдік беру және қорғау функциясы-либералды-демократиялық мемлекеттің басты функциясы. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және қорғаушылық функцияларының және басқа да мемлекеттермен ынтымақтасуды күшейту функциясының жоғарылау ролі.

Мемлекет функцияларының жүзеге асырылуының құқықтық және ұйымдастырушылық нысандары. Мемлекет функцияларының мазмұны, әрекет ету объектілері және жүзеге асырылу әдістері. Мемлекет функциялаы мен мемлекеттік органдардың функцияларының ара қатынасы. Қоғамның жаңару, нарықтық қатынасқа өту, әлемдік қауымдастыққа өту кезеңдерінде мемлекет функцияларының дамуы.

Мемлекет механизмі ұғымы және құрылымы. Мемлекеттік аппарат мәні және олардың қызметтерін ұйымдастыру қағидалары. Мемлекет органдарының түсінігі және олардың түрлері. Қазақстан Республикасы ІО-ның мемлекет аппаратындағы алатын орны.

Мемлекеттің міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі мемлекет механизмін ұғынып, ондағы шынайы материалды және ұйымдастырушылық күш, яғни осы арқылы мемлекет билікті жүзеге асыратынын, сондай-ақ кез-келген саясатты жүргізетінін, сонымен бірге мемлекет механизмінің құрылымы.

Мемлекеттің басқарушылық қамтамасыз етушілік және қорғаушылық функцияларын іске асыру бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың біртұтас, иерархиялық жүйесі мемлекеттік аппараттың мәнін, яғни, бұл мемлекеттік

органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық қағидалар.

Мемлекет аппаратында ерекше орын Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына берілгендігін, заңды белгілі құзыретке және осы құзырет шегінде мемлекет атынан әрекет ету құқығына ие, қажет деп таныған жағдайда мәжбүрлеу аппаратының іс-қимылына жүгінетін, оның құрамдас бөлігі екендігін көрсету. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының мемлекеттік аппаратындағы орны ең алдымен, мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуын жүзеге асырудағы оның рөлімен сипатталатынын айта кеткен жөн. Сондықтан да ҚР ІІО қызметкерлері азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ІІО-ның өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы екендігі.

Мемлекет механизмі (аппараты) түсінігі, оның құрылымдық қағидалары және қызмет ету қағидалары: биліктің бөлінуі, демократизм, интернационализм, кәсібилік, заңдылық, тұрғындардың мүдделерін жүзеге асыру. Мемлекеттік аппараттың кадрлары. Мемлекеттік қызмет институтының дамуы. Мемлекеттік қызметкерлердің саяси және әкімшілік болып бөлінуі, олардың мәртебелерінің айырмашылықтары. Мемлекет механизмі (аппарат) құрылымы. Мемлекет органы, оның міндеттері, функциялары, құзыреті. Билік өкілеттілігінің болуы – мемлекет органның ерекше белгісі. Мемлекет органдарының заңшығарушы, атқарушы және сот органдарына жіктелуі. Мемлекеттің жоғары және жергілікті органы. Жалпы және арнайы құзыретті органдар. Қазақстан Республикасының мемлекет органдар жүйесі: Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, Жоғары Сот, Прокуратура, министрліктер және ведомстволар, жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдар. Биліктің ұйымдастырушылық-мәжбүрлеуші құралдары (әскер, барлау, түрме) мемлекет механизмнің құрамдас бөлігі ретінде. Олардың заңға қатаң сәйкес қызмет етуі.

5-тақырып. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Қоғамның саяси жүйе ұғымы және құрылымы. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет орны мен рөлі. Қоғамның саяси жүйесі және құқық.

Қоғам мүдделердің өзара сәйкестігі негізінде құрылатынын, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болуы, яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болатынын, қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, қоғамдық билік екендігі.

Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және

қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатыны.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты екендігін ұғыну. Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық құрылымдық бөлік ретінде кіретінін, ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқара алатынын түсінік беру. Мемлекеттің саяси жүйе бағыттағы жұмыстарының түрлері: мемлекет және саяси партиялар; мемлекет және қоғамдық, ұйымдар мен бірлестіктер; мемлекет және еңбек ұжымдары; мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметі; мемлекет пен азаматтар; мемлекет пен дін, мемлекеттің дінмен қарым-қатынасына сәйкес үш түрлі мемлекеттер: зайырлы, теократиялық, клерикалдық болатынын атап өту. Қоғамның саяси жүйесінің сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатына, соның қорытындысы ретінде еңбек нәтижелері саналы түрде мемлекеттік ұйымдасқан адамдардың ерекше тобымен бөлінетін әлеуметтік орта, екінші бір түрі қоғамның экономикалық өмірінің нарықтық-ақшалық негізінде, еркін кәсіпкерліктің тәжірибесі мен идеологиясы, ұйымдастырудың үшінші түрі аралас, яғни, конвергенциялық саяси жүйелер бір әлеуметтік ортадан екінші әлеуметтік ортаға өту кезінде пайда болатындығы.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі ретінде. Саяси билік және оның мемлекеттік билікпен ара қатынасы. Саяси және мемлекеттік-құқықтық институттары, құрылымы, қатынастары; олардың қасиеттері мен белгілерін ажырату қажеттілігі.

Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы. Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, жаппай қозғалыстардың саяси жүйедегі алатын орны, олардың мемлекетпен оның органдарымен өзара қатынасы. Мемлекетті басқаруға саяси партияның қатысу нысандары. Билеуші және оппозициялық партиялар. Көппартиялық – қазіргі қоғамның саяси жүйесі құрылымының қағидасы ретінде. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының саяси жүйенің эволюциясы.

6-тақырып. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Құқықтық мемлекетті құрудың объективтік қажеттілігі. Оның негізгі сипаттамасы: мақсаттары, міндеттері, қызметтері, әлеуметтік тағайындау. Құқықтық мемлекеттің саяси, экономикалық және адамгершілік тұғыры.

Этатистік мемлекеттен құқықтық мемлекеттің айырмашылығы. Адам құқығының қамтамасыз етілуі, қорғалуы – құқықтық мемлекеттегі саяси режимнің қасиеті. Құқық және бостандықтың нақтылығы, олардың кепілдігі жеке тұлғаның еркін және абыройлы өмір сүруіне жағдай жасау. Мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі.

Құқық пен заңның бірлігі – құқықтық мемлекеттің нормативтік жүйесінің ерекшелігі. Заңдылық және әділеттілік, заңның үстемділігі,

құқыққолдану және құқыққорғау қызметтерінің тиімділігі қағидаларын сақтау. Биліктің бөлінуі, тепе-теңдік және тежемелік механизмін қатаң қамтамасыз ету. Жемқорлықтан тәуелсіз объективті сот. “Заңда тыйым салынбағанның барлығына рұқсат” қағидасын қамтамасыз ету.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы – құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік – экономикалық алғышарттары. Мемлекеттің қысымына қарсы тұру мүмкіндігі бар, азаматтық қоғамның институттары (партиялар, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз баспалар, қоғамдық пікір).

Қазақстанда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам қалыптасу жолдары.

III-тарау. Құқық туралы ілімнің негіздері

7-тақырып. Құқық түсінігі және мәні.

Қазіргі құқық түсінушілікке жалпы сипаттама. Құқық анықтамасы. Нормативтілік, жалпы міндеттілік, формальді анықталғандық, жүйелілік, құқықтың еріктілік сипаты. Құқық пен мемлекеттің байланысы. Субъективтік құқық және объективтік құқық, олардың ара қатынасы.

Құқық туралы қазіргі ұғымның қалыптасуына құқықтың әлеуметтік мектептерінің, табиғи құқық теориясының, психологиялық теориясының, нормативизмнің ықпалы.

Құқықтың реттеуші, қорғаушы, юрисдикциялық, бағдарлаушы, белсендіруші функциялары (қызметтері). Құқықтағы “міндетті” және “тән” бастамалардың үйлесуі. Құқық және заң.

Әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктердегі құқықтық ортақтық. Құқықтың дамуындағы қайшылықтар және оларды шешу жолдары.

Құқықтық реттеу пәні бойынша, құқықтық реттеу әдісі бойынша, ұйғарымдардың көрсетілу түрі бойынша, әрекет ету шегіне байланысты, кеңістікте әрекет етуіне байланысты, уақыт аралығындағы әрекетіне байланысты, субъектілеріне байланысты топталуының мәнін түсіндіру.

Құқық ұғымы, мәні мен мазмұны. Құқық қағидалары және функциялары. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық. Құқық ұғымын анықтап, оның белгілерін түгендеп, олардың мазмұны жайында әңгіме қозғауы керек. Құқық мәнін қарастыру барысында 2 аспектіні ескеру қажет. Ол формальді және мазмұнды жақтары, құқық мәніне қатысты жалпы әлеуметтік және таптық бағыттарды бөліп көрсеті керек. Қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі ретінде құқықты тану. Құқықтың белгілеріне, мақсатына және құндылығына зер салу керек. Сонымен бірге, қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын, нормативтік актілердің ішкі құрылысы құқықтың мазмұны мен негізгі элементтерінің ара жігін ажырата білу және нормативтік негізде қоғамның тұрақты ұйымдастырылуына жете отырып, демократияның, экономикалық бостандықтың, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінетін құқықтың мәні мен тәсілдеріне де көңіл бөлу

кажет. Аталмыш негізгі бағыттармен қатар, шеңберінде діни, ұлттық және нәсілдік мүдделер, заңдарда, заң асты актілерінде, құқықтық әдет-ғұрыптар мен нормативтік шарттарда үстемшілік жасайтын құқық мәніне қатысты діни, ұлттық нәсілдік және басқа да бағыттарды бөліп көрсетуге болатындақтарын естен шығармағандары жөн. Басқаша айтқанда, құқық мәнісі көп аспектілі. Ол тек таптық, жән жалпы әлеуметтік бастамаға келіп тірелмейді. Сондықтан да тарихи жағдайларына байланысты құқық байланысты құқық мәнісін қалайда болмасын жоғарыда айтылған бастаулардың біреуі қамтуы мүмкін.

ҚР Конституциясының 4-бап. 1-тарм. бойынша «Қолданылатын құқық» заңдық түсінігі категориясы нормативтік-құқықтық актілердің айқын жіктелуіне, Конституция мен мемлекет заңдарының беделінің өсуіне, басым және негізгі реттеу рөлін күшейтуіне септігін тигізу үшін ҚР Конституциясының айналымына 1995ж. енгізілгендігін айта кету керек. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында заңдар қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері бойынша айрықша заңдық тәртіпте, мемлекеттің жоғары өкілді органымен немесе референдум жолымен қабылданатынын, мемлекеттің қандай да бір органы тарапынан бақылауға немесе бекітілуге жатпайтынын және мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайтынын заңнамалық актілер мен заңнамалар және заңдардың негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын, заңға бағынышты нормативтік-құқықтық актілердің айырмасы. Олардың түрлері бойынша: конституциялық, қарапайым және төтенше заңдар болып бөлінетіндігі.

8-тақырып. Құқық нормасы.

Құқық нормасының ұғымы мен белгілері. Құқық нормасының топталуы (түрлері). Құқық нормасының құрылымы. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы.

Мемлекет таныған және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальді анықталған мінез-құлық ережесі ретінде құқық нормасы.

Құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі - заң нормасы. «Құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің айырмашылықтары.

Құқықтың функционалдық дербестігін қамтамасыз ететін қажетті элементтердің реттелген бірлігі ретінде құқық нормасының құрылымын анықтау. Құқықтық норманың құрылымындағы үш элемент: гипотеза (болжау), диспозиция (ұйғарым) мен санкцияға (өтем) сипаттама беру және олардың түрлеріне түрлі мысалдар арқылы қарастыру. Құқық нормасы мен нормативтік акті бабы бір ұғымдар емес, сондықтан да олардың көп жағдайда сәйкес келмейтін себептерін анықтау.

Құқық нормасы – бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан құралған мінез-құлық ережесі десек, ал, заң шығармашылық актісінің бабы – бұл құқық нормасының жүзеге асырылу құралы, мемлекеттің ерік білдіру нысаны ретінде сипаттау. Құқық нормасы нормативтік акті бабының мазмұны, ал, бап құқықтық норманың нысаны болып табылатынын және

олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие болатынын дәлелдеу. Мінез-құлық ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасын логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бір бабына енгізу, не бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізу мүмкіндіктерін зерделеу. Кейде құқық нормасы элементтерін әртүрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсету. Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының үш түрін ажырата білу., құқық нормасының нормативтік құқықтық акт бабының ара қатынасының мәнін ашуы тиіс. Құқық нормасы – адамдардың тәртібінің ережесі, үлгісі, өлшемі, мінез-құлық көлемі ретінде. Құқық нормасының белгілері – оның жалпыға міндеттілігі, әрекеттің көп қайталанбалылығы, мемлекеттің ықпал ету шарасымен қамтамасыз етілуі, өкілді-міндеттеуші сипаты. Жеке құқықтық ұйғарымдардан, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың шақыру мен жолдаулардан құқықтық норманың айырмашылығы. Құқық нормасы мен нормативтік құқықтық актінің баптарының ара қатынасы. Диспозиция құқық нормасының негізгі бөлігі ретінде, санкция мен гипотезаның функционалдық тағайындалуы. Құқық нормасының түрлері. Құқық нормасының жіктелу өлшемдері: заңдық күші, адамдардың мінез-құлқына ықпал ету тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру), реттеу пәні мен әдісі, әрекет ету аумағы.

9-тақырып. Құқық нысандары (қайнар көздері)

Құқық нысандарының ұғымы және түрлері. Нормативтік-құқықтық актілер түсінігі және түрлері. Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері. Нормативтік актілердің уақыты, кеңістік жағынан және тұлғалар бойынша қолданылуы.

Позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі оның формальды сипаты болып табылатын құқық нысандарына, құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру. Халықтың еркін қалыптастырудың екі жолы құқықшығармашылық пен санкциялаудың мәнін түсіндіру. Құқық нысандарының түрлері: нормативтік-құқықтық актілер, санкцияланған әдет-ғұрыптар, заңды прецедент, нормативтік шарт, құқықтың жалпы қағидалары, діни мәтіндердің мазмұны мен ара жігін ажырата білу. Сондай-ақ, есте ұстауды қажет етер жағдай, ол құқық теориясында қарастырып отырған ұғымға қатысты екі түрлі көз қарас қалыптасқан. Бірінші көзқарас, «Құқық нысандары» ұғымын (Щебанов А.Ф. Форма советского права. М., 1968 ж.) дұрыс деп санаса, екіншісі «Құқық қайнар көздері» ұғымын (Зивс Л.С. Источники права. – М., 1981 ж.) артық көреді. Сіздер бұл ұғымдарды арнайы заң мағынасында қарастырсаңыздар дұрыс болар еді. Дәстүрлі түрде құқық нысанының (қайнар көзінің) төрт түрі қалыптасқан: а) құқықтық әдет-ғұрып; ә) соттық (әкімшілік) үлгі іс; б) нормативтік құқықтық акт; в) нормативтік шарт. Нақты сұраққа жауап беруде құқық қайнар көзінің әр бір түрін сипаттау қажет.

Нормативтік құқықтық акт – құқықтың негізгі қайнар көзі деген сөз тіркесін ашу керек. Нормативтік құқықтық акт ұғымы мен түрлерін жалпылай сипаттауда Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңын (24.03.1998 ж.) қолданған жөн. Кодекс, Ереже, Жарғы және т.б. сынды нормативтік құқықтық актілердің ерекшеліктерін анықтаңыздар. Нормативтік актілер құқық нормасының мазмұнын нақты бекітуге мүмкіндік беретінін, бұл бірыңғай саясатты жүргізуге, ерікті талқылауға және қолдануға жол бермеуге әкеп соқтыратынын, нормативтік актілер мемлекеттен қолдау табатынын, онымен қорғалатынын. Сонымен қатар, нормативтік акті талаптары бұзылған жағдайда бұзушылар заңның негізінде қудаланатынын және жазаланатынын түрлі мысалдармен түсіндіру. Қоғамның салалық қатынастарын реттеп басқаратын нормалар жиынтығы, нормативтік-құқықтық актілер – бұл құзыретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттардың заңды күшіне қарай екіге заңдар мен заңға сәйкес актілер ұғымына түсінік беру.

Құқық теориясы бойынша заң – мемлекеттің және қоғамдық өмірдің әлде қайда маңызды саласын реттейтін және ерекше тәртіппен қабылданатын, жоғары заңдық күшке ие нормативтік-құқықтық акт екендігіне тоқтала кету. Сонымен қатар, заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акті ретінде қарастырып, оның белгілеріне (қатаң, жоғары, міндетті) және түрлеріне (Конституция, конституциялық заңдар, ағымдағы заңдар және төтенші заңдар) көңіл бөлген жөн. Сондай-ақ, заңдар әрекет ету мерзімі бойынша тұрақты заңдар мен уақытша заңдардың мағынасын түсіндіріп өту керек қойылған сауалдарға жауап іздеу тұрғысында қарастырған дұрыс: Заң қай және қандай уақыттан әрекет жасай алады? Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері қандай адамдарға қатысты әрекет (әсер) етеді. Нақты сұрақты оқып қарастыру барысында заңның кері күші механизміне, нормативтік-құқықтық актілердегі уақыттың саналу тәртібіне және аталмыш актілердің заңды күшіне енуі мезгілі.

Нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістік және субъектілік шектері: нормативтік актілердің уақыттағы күші және оған байланысты жалпы ережелердің ішінде ерекше ереже: заңның кері күші мен жаңа заңдағы арнайы көрсету бойынша жүзеге асуын мысалдар арқылы көрсетіп беру. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күшін мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістіктігі, олардың үстіндегі ауа кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшақтар танылатыны туралы мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: заңның белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумақтық ұғымына тоқталу. Заңның тұлғалар шеңбері бойынша күші нормативтік талаптардың белгілі бір

актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуындағы ауытқушылықтар.

10-тақырып. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру.

Құқық шығармашылығы. Заңгерлік техника

Құқық шығармашылық ұғымы, түрлері және қағидалары. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі мен түрлері. «Құқық шығармашылық» – қоғам мен мемлекеттің құқықтық қажеттілігін тану мен баға беру процесі және де тиісті процедура шеңберінде өкілетті субъектілер тарапынан құқықтық актілерді жинақтап, қабылдау сынды анықтамаларды ұстағанымыз дұрыс болар. Мұнымен қатар, қандай да болмасын актілерді қабылдауға құқылы құқық шығармашылық субъектілерінің шаңберін айқындауға көңіл бөлуіміз қажет. Олардың құқықтары конституциялық мәртебемен жағдайланған. Құқық шығармашылық түрлерін (заң шығармашылық, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқық шығармашылығы, тікелей құқық шығармашылық, шартты құқық шығармашылық) қарастыра отыра, олардың бөліну өлшемдеріне негіздеу.

Құқық шығармашылық құзыретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметінің маңыздылығын білу керек. Сонымен қатар құқық шығармашылықтың белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызметті білдіретінін, оның негізгі өнімі нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары, бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы екендігін, мұнда оның даму бағдарламасы қалыптасып, маңызды мінез-құлық ережелері қабылданатынын, құқықшығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы қоғамның өркениеттілігі мен демократиялығының көрсеткіші болатынына көз жеткізу. Субектілердің түріне қарай құқық шығармашылық түрлері: референдум - жүргізу; құқық орнықтырушы қызметі; мемлекеттік санкциялау сипаттамаларына мысалдар келтіру абзал. Әсіресе, құқық шығармашылық қағидалары: ғылыми, кәсібилік, заңдылық, демократиялық, жариялылық сынды тұжырымдамаларды жан-жақты, қисынды ой-пікірлермен бөліскен дұрыс.

Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау процедуралар мен ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Парламентінде жүзеге асырылатын заң шығарушылық процесс - Қазақстан Республикасының Конституциясы (61, 62 бап.), 16.10.1995ж. қабылданған «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 3-тарауымен және «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері туралы» ҚР 24.03.1998ж. заңымен реттелетіндіктен, оларға барынша сүйене отырып, қажетті тұстарын конспектілеу керек. Заң шығару процесінің: заң шығару бастамасы, заң жобасын талқылау, заңды қабылдау, заңды жариялау кезеңдеріне және ондағы процедуралар мен ерекшеліктер. Нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіруде заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін көпшілікке түсінікті

болуын қамтамасыз ету маңызын білу қажет. Жүйелеудің түрлері: инкорпорация, оның қағидалары: инкорпорацияны түрлерін бөліп қарастыра отырып, консолидация. оның инкорпорациядан айырмашылығы, ал консолидацияның ерекшелігі туралы зерделеп, кодификация, кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі кодекс болып табылатынын, заңдарды кодификациялау жалпылай, салалық, арнайы түрлері.

Заңды техника – бұл заңды құжаттарды құрастыру, ресімдеуге дайындау және оларды жүйелендіру мен есепке алудың ережелері, амалдары, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Заңды техниканың түрлері: Құқық шығармашылық техникасы, нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру техникасы, нормативтік құқықтық актілерді есепке алу техникасы, жекелеген құқық қолдану актілерінің техникасы.

11-тақырып. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі

Құқық жүйесі объективтік құбылыс. Ол қоғамның диалектикалық даму процесінің объективтік заңдылықтары арқылы өмірге келеді. Бір жағынан құқықтық нормалар субъективтік жолмен қалыптасады. Екінші жағынан құқықтық нормалар қоғамның объективтік табиғи даму процесінің тілегіне сәйкес қалыптасып, елдегі әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп басқарады. Сондықтан мемлекеттік органдар құқықтық нормаларды өз бетімен қалай болса солай қабылдай салмайды. Қоғамның әлеуметтік қарым-қатынастарының даму процесіне сәйкес құқықтық нормалар жан-жақты талқыланып, бекітіледі. Қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару процесінде нормативтік актілер сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлініп дамып жатады. Сөйтіп құқық жүйесі қалыптасады.

Құқық жүйесі және заңнама жүйесі арасында органикалық байланыс әрекет етеді, олар мазмұн мен нысан ретінде өзара қатынас жасайды.

Құқық жүйесі — бұл ішкі құрылым құқығы, құқықтық институттар, бағынышты салалық және салалық құқықтарға біріктірілген, құқықтық нормалардың жүйесі.

Заңнама жүйесінің өмірге келу жолы басқа. Бұл жүйе басым түрде субъективтік процесс арқылы қалыптасады. Қоғамдағы қарым-қатынастарды жақсы дамыту үшін нормативтік актілерді дер кезінде қабылдап, елді, мемлекетті дағдарысқа ұшыратпай басқару керек. Міне, бұл мәселемен мемлекеттің заң шығару бағытындағы аппараттары шұғылданады. Осылай қоғамда заң жүйесі қалыптасады.

Заңнама жүйесі дегеніміз – Парламент арқылы құқықты құрастыратын (қалыптастыратын) нормативтік актілердің жиынтығы (негіздері). Нормативтік актілерсіз, заңсыз құқық болмайды. Заңнама жүйесі мен құқық жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты

Құқық және заңнама жүйелерінің даму бағыттары құқық пен заңның дамуы қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларға тікелей байланысты. Олар: - қоғамдағы диалектикалық құбылыстардың құқық пен заңды объективтік тұрғыдан дамытуы; - құқық жүйесінің дамуы; -

заң шығармашылық процесінің сапасының жақсаруы.

12-тақырып. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және түрпаты

Құқық жүйесінің ұғымы, құқықтық жанұя және оларды топтастыру. Романо-германдық құқықтық жанұя. Англосаксондық құқықтық жанұя. Мұсылман жанұя құқығы. Әдет-ғұрып жанұя құқығы.

Заң ғылымындағы құқықтық жанұялардың бірі - континентальді Еуропаның нормативті-заңнамалық жүйе жанұясы, романо-германдық құқықтың (бұл жүйелерде бірінші орында заң тұрады) пайда болуына негіз болған рим құқығы. Романо-германдық құқықтық жанұясына тән ерекшеліктерді ажырата білу қажет. Романо-германдық (континентальдық) құқықтық жүйеде, соның ішінде Қазақстан Республикасында, сот прецеденті құқық қайнар көзі ретінде танылмайтыны.

Англо-саксондық елдердің құқықтық жүйесін зерделеу қажет және осы елдердегі сот тәжірибесінің рөлін бағалау керек (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Жаңазеландия). Сот прецеденті - келешекте ұқсас істерге үлгі болатын нақты сот ісі бойынша шешім шығару кезінде заңнамада қажетті норма болмаған жағдайда ғана қолданылатынын айта керек. Бұдан шығатыны, прецедент кезінде құқық қолдану функциясын орындайтын органдар құқық шығармашылық органдарының функцияларын өздері иеленеді. Қазіргі уақытта прецедент англосаксондық құқық жүйесі орнаған елдерде Англияда, Үндістанда, АҚШ-та қолданылады. Англо-саксондық құқықтық жүйесінде мынадай үрдіс байқалады, яғни, статуттық құқықтың үлес салмағы ұлғайып келеді, ал романдық құқықтық жүйеде (Франция. Германия және т. б.) прецеденттік құқық салмағы ұлғаяуда". Англосаксондық құқықтық жанұяға Англияның, АҚШ-тың, Канаданың, Австралияның, Жаңа Зеландияның және т.б. ұлттық-құқықтық жүйелерін жатқызады. Берілген жанұяның белгілеріне сипаттама.

Ислам мемлекеттерінің құқықтық нормалары мен діни нормаларды мақсатты түрде салыстырып, қайнар көздерін табу қажет. Сонымен бірге, әдет ғұрып құқығын негізі мен сипатын көрсету қажет. Берілген құқықтық жанұяның белгілерінің ішінен құқықтың пайда болуы қоғам мен мемлекеттен емес, ал, Құдайдан деп тануын бөліп көрсетуге болады, сондықтан да заңдық нұсқаулар бірден мәңгілікке берілген, оларға сеніп және сәйкесінше қатаң сақтау керек. Шариаттың үш саладағы құдіретті бағыттарын атап өту. Мұсылмандардың киелі кітаптары — Құран, Сунна, Иджма, Қияс көрсетілген діни-құқықтық қағидалар құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылатынына сипаттама жасау қажет.

Құқықтық әдет-ғұрып – мемлекет міндетті мән берген және олардың сақталуын өзінің мәжбүрлеу күшімен кепілдік ететін дәстүр. Әдет-ғұрып — тарихи қалыптасқан және әдетке айналған мінез-құлық ережесі. Құқықтық (санкцияланған) әдет-ғұрып, мемлекет заңдық күш, санкция берген, әдетке айналған, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережесі ретінде көрініс табады. Санкциялау дегеніміз мемлекетпен бекіту деген сөз. Басқаша айтқанда, құқықтық әдет-ғұрып - мемлекеттен туындамайтын тек онымен танылатын

құқықтың кайнар көзі. Құқықтық әдет-ғұрыпқа құл иеленушілік құрылыстағы феодалдық құқықтың ескерткішін жатқызуға болады: Қазақстанда «Жеті Жарғы», Үндістанда «Ману заңы», Германияда «Солистік шындық», Ресейде «Русская правда».

13-тақырып. Құқықтық қатынас.

Құқықтық қатынас ұғымы. Құқықтық қатынас құрамы. Қазақстан Республикасы ПО-ның қатысуымен құқықтық қатынас негізгі топтары.

Қоғамдық, қатынастардың әр түрлігі ретінде құқықтық қатынас ұғымын және де оның құрамды элементтерін (объектісін, субъектісін, мазмұнын) анықтап, оларға сипаттама беру керек. Құқықтық қатынастар - құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қоғамдық байланыстар. Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық қатынас — бұл субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті де жақсартуға мүмкіншілік жасайды. Құқықтық қатынас материалдық, ықтиярлық және заңдық мазмұнын білу, қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастың материалдық мазмұнын құрайтынын, ықтиярлық құқықтық нормада сіңіскен мемлекеттік ықтияр (ерік), субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер заңды мазмұнын зерделеу. Құқықтың мазмұны субъективтік құқық пен заңды міндеттер арқылы құқықтық қатынасқа қатысушылардың заңды байланысын ажырату.

Заңды деректің ұғымын, құқықтық қатынастардың туындау негізін және оның әр түрлігін анықтаған жөн. Құқықтық қатынастың құрылымы төрт элементі: субъект, объект, субъективтік құқық, заңды міндеттердің ұғымына көңіл бөлу. Құқықтық қатынастың субъектісі - жеке адам мен заңды тұлғалар қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеті және әрекеттілігі қалыптасуы керек. Құқықтық қабілет — құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Әрекеттілік адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілетіне мысалдар ойлап табу. Әрекеттіліктің басты шарты кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады. Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) адамның тәртіп бұзғаны үшін заңдылық жауапқа тартылу жағдайына байланысты бөлігі: құқықтық жауаптылық мүмкіндігін (деликтоспособность) анықтау.

Заңды тұлғалар: мемлекет, мемлекеттік аппарат-мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар заңды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық қабілеті мен әрекеттілігі бар деп саналады, оның шеңбері олардың ережелері мен Уставын толық көрсету. Заңды міндеттер мен заңды себептердің бір-бірінен айырмашылықтарына түсініктеме беру.

14-тақырып. Құқықты жүзеге асыру және оның нысандары.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қатысуымен құқықтық қатынастардың негізгі топтарын анықтау. Яғни, құқықтық қатынастардың (қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық, әкімшілік, азаматтық және т.б.) өзгеше топтарына назар аудару керек. Құқықтық қатынастардың өмірге келуінің, өзгеруінің, ескіруінің, жаңаруының, дамуының заңды себептерінен басқа үш бөлімнен тұратын негізі болады: нормативтік актілер, заңды себептер, субъективтік құқық.

Құқықты жүзеге асыру: ұғымы және нысандары. Құқықты нормасын қолдану – құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны. Құқық қолдану сатылары. Құқық қолдану актілері.

Құқық нормаларының жүзеге асуы, оларды сақтау негізінде орындалуы мүмкін. Қылмыстық құқық нормаларын сақтауды айтуға болады. Нақтырақ айтсақ, қылмыстық заңмен көзделгенмен де жасалмаған іс-әрекет. Құқық нормаларын жүзеге асыруға, сонымен қатар шарт жасасу негізінде іске асатын орындау және қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Құқық нормаларын жүзеге асырудың негізгі нысаны – қолдануды қарастыра келе, өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдармен орындалатыны. Құқықты қолдану - бұл құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны, ол құқық пен міндеттері қарастырылған нақты адамға қатысты жазба, қолдану актісі арқылы жүзеге асады және субъектілердің билік органдарының көмегінсіз өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алмау жағдайын зерделеу.

Құқық қолданудың ерекше белгілерін, осы сұраққа дайындалу кезінде қолдану актісінің нормативтік актілерден айырмашылығын анықтау керек. Құқық нормаларын қолдану Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде маңызды орын алады. Қылмыспен күресу барысында олармен құқық бұзушылықты ескерту, оны жасаған кінәлі адамды жауаптылыққа тарту бойынша әкімшілік және қылмыстық-құқықтық шаралар қолдануы. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде құқық нормаларын қолдану, қатаң түрде заңдылық қағидасын сақтауға негізделеді.

Құқық нормаларын қолдану – құқық пен міндеттері қарастырылған нақты адамға қатысты жазба, қолдану актісі арқылы жүзеге асады. Бұл сабаққа дайындалу кезінде қолдану актісінің нормативтік актілерден айырмашылығын анықтау қажет. Құқық нормаларын қолдану Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде маңызды орын алады. Қылмыспен күресу барысында олармен құқық бұзушылықты ескерту, оны жасаған кінәлі адамды жауаптылыққа тарту бойынша әкімшілік және қылмыстық-құқықтық шаралар қолдануы. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінде құқық нормаларын қолдану, қатаң түрде заңдылық қағидасын сақтауға негізделеді.

15-тақырып. Құқық нормаларына түсінік беру.

Құқық нормаларына түсінік берудің ұғымы мен қажеттілігі. Түсінік беру әдістері (тәсілдері). Құқық нормаларына көлемі бойынша түсінік беру

түрлері. Құқық нормаларына субъектілер бойынша түсінік беру түрлері. Құқықтың ұқсастығы мен заң ұқсастығы. Құқық нормаларын талқылау барлық құқық субъектілері (мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру болып табылады. Талқылаудың мақсаты заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Талқылау қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді талқылауға және нақтылауға бағытталғандығы.

Құқық нормасының мазмұнын анықтауға бағытталған амал, құрал, тәсілдердің жиынтығы болатын талқылау әдістері: грамматикалық, логикалық жүйелік, тарихи-саяси, арнаулы заңдық, телеологиялық (мақсатты) әдістерді анықтаудың көмегімен талқылап, мысалдар келтіру. Талқылаудың нәтижесі мәтін мен заңды нормалардың нақты мазмұны қатынастарына байланысты әр түрлі болуы мүмкіндігін анықтау. Осы қатынастан шыға келе, көлемі бойынша талқылаудың үш түрі: сөзбе-сөз, шектеулі, таралушылардың мағынасын мысал келтіре отырып, түсіндіру қажет.

Субъектілер бойынша талқылау түрлері, субъектілеріне байланысты талқылаудың мынадай түрлері болады: ресми мұндай түсіндіруді өкілетті субъектілер ғана береді, олар арнайы актіде көрініс табады және заңды салдарды туындатады; бейресми; мұндай түсіндірудің заңды міндетті мәні болмайды және биліктік күші жоқ екендігіне түсініктеме беру керек Ресми түсіндіру: нормативтік (тұлғалар мен жағдайлардың кең шеңберіне таралады) және казуалды (тек нақты бір жағдай үшін міндетті болып табылады) болып екіге бөлінеді, нормативтік талқылау өз кезегінде аутентикалық (нормативтік актіні қабылдаған органмен беріледі) және легалды (өкілетті субъектілер береді) болып екіге бөлінетіндігін мысалдармен анықтамасын жасау қажет. Курсанттар құқық нормаларына түсінік берудің барлық осы түрлерін білулері қажет.

Құқықтың ұқсастығы мен заң ұқсастығы туралы сұрақты қарағандары жөн. Бұл ұғымдар оқулықта жеткілікті түрде толық түсіндірілген. Алайда курсанттар дұрыс жауап беруге жиі қиналады. Құқық ұқсастығы мен заң ұқсастығы құқық кемшіліктерін жою үшін қолданылады. Бұл қайта туындауы мүмкін сұрақтарды шешу үшін қажет. Бірақта, мұндай тәсіл қылмыстық құқық үшін қолдануға жарамсыз. Себебі қылмыстық жауаптылық тікелей заңда (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 9-шы бабының 1-ші тармағы) көрсетілген іс әрекеттер жасалған жағдайда ғана туады. Құқықтың басқа салаларында заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығы сақталады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 10-шы бабы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-ші бабы).

16 тақырып. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық нигилизм.

Сана — адам ойлау қабілетінің шындыққа сай, идеалды туындысын айқындайтын философия, әлеуметтану және психология ұғымының негізі.

Сана — бұл қоғам дамуындағы адамның ойлаумен, сөйлеумен және мақсатты еңбек қызметімен байланысты психикалық көріністің жоғары нысаны. Ол қоғамдық тәжірибенің негізінде және үрдісінде қалыптасты. Оның екі нысаны бар: жеке (тұлға) нысан және қоғамдық.

Құқықтық сана - бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны. Құқықтық сана адамдардың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасы.

Құқықтық сана — қолданыстағы және қалаған (тілеген) құқыққа деген адамдардың қатынасын көрсететін сезімдері мен елестері, көзқарастары мен эмоцияларының, бағары мен бағалауының жиынтығы.

Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылдаған заңдарға, нақты бір нормативтік-құқықтық актінің жобасы және т.б. қалаған (қолдаған) немесе бас тартқан реакциясы.

Құқықтық сана — бұл адамдардың құқыққа қатынасы болса, онда құқықтық мәдениет — бұл заңнаманың жалпы жай-күйі, сот, басқа да құқыққорғау органдарының жұмысы, құқықтың даму деңгейін жасайтын, елдегі жергілікті барлық халықтың құқықтық санасы және қоғамдық өмірдегі құқықтық сананың орны, құқықтық құндылықтарды меңгеру, оларды тәжірибеде іске асыру, жоғарыда тұрған заң талаптарын іске асыру. Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрып, оған сүйенеді. Алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда кең, себебі, ол психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар мінез-құлықты да қамтиды.

Құқықтық мәдениет — бұл адам құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттік және қоғамдық кепілділік дәрежесі және қоғамның құқықтық өмірінің сапасы, сондай-ақ, қоғамның әрбір жекелеген мүшелерінің құқықтарын білу, ұғыну және сақтау. Яғни, қоғам өміріне құқықтың әлеуметтік-пайдалы қасиеттерін жүзеге асыру.

Құқықтық мәдениет — бұл құқықты терең түсіну әрі білу, қажетінше жете түсінген және ішкі қажеттілік ретінде оның өкімдерін саналы түрде орындау.

Құқықтық тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі — құқыққа жауапсыз қарау, оны жете бағаламау, құқықтық өкімдерді бұзу және т.б.с.с. құқықтық нигилизмді бөліп шығару. Осыдай себептермен құқықтық сана жекелеген индивид немесе тіпті әлеуметтік топтардың өзінде түрлі ақаулар мен бұрмалаулар болады.

Құқықтық санадағы ақаулықтар — бұл құқықтық санадағы кемістіктер, оның қалыптаспаушылығы және біржақтылығы туралы айғақтайды.

Құқықтық санадағы бұрмалаулар — бұл жағымсыз, әлеуметке қарсы бағыттылықтың жоғары немесе төменгі шамасын көрсететін, құқықтық қатынас.

Құқықтық санадағы ақаулықтардың мейлінше көп тараған түрлері: құқықтық нигилизм, құқықтық идеализм, құқықтық релятивизм, құқықтық

субъективизм және құқықтық инфантилизм.

Құқықтық нигилизм — әлеуметтік нигилизмнің бір түрі, жалпы алғанда құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз - қарсы, сыйламаушылық қатынас. Себеп — тұрғындардың көпшілігінің заңды қадірлемеушілігі, құқықтық тәрбиесіздігі. Тұғырында қоғамға деген құқықтың қажетсіздігі жатыр.

Құқықтық нигилизм — әлеуметтік қатынас өнімі, ол көп себептер және салдармен негізделген. Жекелеп алғанда, мемлекеттік қызметкерлердің құзыретсіздігі, саясаттылық және шенеуніктердің популизмі сияқты қазіргі таңдағы келеңсіз жағдайлармен тығыз байланысты.

17-тақырып. Заңдылық, тәртіп және құқықтық тәртіп. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық. Заңды жауаптылық

Заңдылық — барлық азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және барлық заңды тұлғалардың құқық нормаларын қатаң және бас иіп сақтауы. Заңдылық талаптардың субъектілері, оның адрессаттары — барлық азаматтар, олардың мекемелері. лауазымды адамдар, мемлекеттік органдар.

Құқықтық мінез-құлық ұғымы мен түрлері. Құқық бұзушылық ұғымы, белгілері және оның түрлері. Құқық бұзушылық құрамы.

Құқық бұзушылық ұғымын, белгілерін және құқықтың зерттеу пәні бойынша қоғамға қауіпті дәрежесі негізінде топтасатын оның негізгі түрлерін білулері керек. Құқықбұзушылық қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне нұқсан келтіруші, тұлғаның кінәлі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекеті ретінде оның басты белгілеріне тоқталып, мәнін ашып өткен жөн. Әлеуметтік қауіптілігіне қарай барлық құқық бұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға бөлінетінін ескере отырып, құқықбұзушылықтардың барлық түрлері үшін құқықты қалпына келтіруші және айып-пұлдық санкциялар көзделгендігіне тоқтала кеткен жөн. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар міндетті мәжбүрлі түрде орындатуға, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіруге бағытталған, ал айыппұлдық санкциялар құқық бұзушының белгілі бір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттерді жүктеуді немесе оны ресми түрде сынға алуды көздейтінін түрлі мысалдармен дәлелдер беру керек.

Заңды жауаптылықтың ұғымы және негізгі белгілері. Заңды жауаптылықтың негізі. Заңды жауаптылық түрлері. Заңды жауаптылықтан босату негізі.

Құқық бұзушылықтың заңды салдары болып заңды жауаптылық болып табылады.

Заңды жауаптылық туралы сұрақты айқындау барысында, оны белгілі бір құқық бұзушылықты жасаған адам мен мемлекет арасындағы өзгеше бір құқықтық қатынас ретінде қарастырған жөн. Заңды жауаптылық мемлекетпен, құқық нормасымен, құқыққа қарсы әрекетпен және міндеттермен тығыз байланысты, мемлекет құқық нормасын қабылдай отырып, субъектілердің ықтияр-тілегінен тыс заңды жауаптылықты бекітіп,

мемлекеттік-мәжбүрлеу сипатта болатынын көрсетіңіз. Жасалған құқықбұзушылық үшін тұлғаға белгілі айыруларға төзетін міндеті жүктелетін және мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын, заңды жауаптылықтың шараларын атап өтіңіз. Бұл құқықтық қатынаста мемлекет атынан шығатын тиісті мемлекет органдары, құқық нормаларында белгіленген әсер ету шараларын қолдануға құқығы бар және де міндетті. Ал құқық бұзушы өз кезегінде мемлекет органымен белгіленген әсер ету шарасын мойындап оны орындауға міндетті. Сонымен қатар, құқық бұзушы, өзінің кінәлілігін қарастыру барысында, заңдылықтың және де сол мемлекет азаматы ретінде оның барлық заңды кепілдіктерінің сақталуын талап етуге құқығы бар. Сонымен құқық бұзушының заңды жауаптылығы мен заңды міндеті, оған қатысты айқындалған субъективтік құқықтардың бар екендігін болжалайды. Заңды жауаптылықтың мақсаты мен функцияларын терең тануға мүмкіндік беретін, осы құқықтық құралдың көмегімен жететін нәтижелерді ескере кету керек. Субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау заңды жауаптылықтың негізгі мақсаты болып табылатындықтан, құқық субъектілерінің мүддесін қанағаттандыру, әлеуметтік байланыстарды әділ реттеу үшін осы құқықтық аспапты бекіту, заңды жауаптылықтың функциялары мақсатты анықтау үшін туындайтын бөліністерді атап өткен жөн. Осы міндеттерді жүзеге асыруға заңды жауаптылықтың қағидалары.

Құқық бұзушылықтың түрлеріне сәйкес заңды жауаптылық негізін анықтап, олардың: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, тәртіптік, материалдық түрлерінің мән-мағынасын ұғынып, мысалдар ойлап тауып, оны Қазақстан Республикасының қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстері және Қарулы Күштердің әскери жарғысын қолдана отырып тиісті санкциялар жасау. Соңғы кездері заң ғылымында ретроспективтік (өткенді шолатын) және перспективтік жауаптылықтардың ара-жігін ажыратып қарастыру. Ретроспективтік — жасалынған құқық бұзушылық үшін жауаптылық, перспективтік - бұл құқық субъектілерінің заң талаптарына сәйкес әрекет ету міндеті ретіндегі болашақ әрекеттері үшін жауаптылықтар.

18 – тақырып. Құқық және тұлға.

Қазіргі замандағы саяси-құқықтық дамуының тенденцияның бірі ретінде жеке тұлғаның басымдылығының баяу бекуі.

Азаматтылық институтының демократиялануы. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары түсінігі. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары және адам құқықтары мен бостандықтары арақатынасы. Мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, оның әлеуметтік және заңды қорғалуының бекітілуі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтаумен күресудегі халықаралық құқықтың күшеюі.

Практикалық (семинарлық) сабақ тақырыптарының болжамды тізімдері

1. Мемлекет және құқық теориясы пәні мен әдістері.
2. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және даму кезендері.
Мемлекет туралы ілімнің негіздері.
3. Мемлекет нысаны.
4. Мемлекет функциялары және механизмі (аппараты).
5. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.
6. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.
7. Құқық түсінігі және мәні.
8. Құқық нормасы.
9. Құқық нысандары (қайнар көздері).
10. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру, құқық шығармашылығы. Заңгерлік техника.
11. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі.
12. Қазіргі құқық жүйесінің негізі және тұрпаты.
13. Құқықтық қатынас.
14. Құқықты жүзеге асыру және оның нысандары.
15. Құқық нормаларына түсінік беру.
16. Құқықтық сана, құқықтық мәдинет және құқықтық нигилизм.
17. Заңдылық, тәртіп және құқықтық тәртіп. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық. Заңды жауаптылық.
18. Құқық және тұлға.

Пән бойынша курстық жұмыстың болжамды тақырыптары

1. Мемлекет және құқықтың пайда болуы.
2. Мемлекет және құқықтың мәні және типтері.
3. Мемлекет функциялары.
4. Мемлекет нысаны.
5. Мемлекеттік аппарат.
6. Қоғамның саяси жүйесі және ондағы мемлекеттің орны.
7. Құқықтық мемлекет.
8. Құқықтың мәні.
9. Құқықтың қайнар көздері.
10. Құқық нормасы.
11. Құқықшығармашылық.
12. Құқық жүйесі.
13. Заңнаманы жүйелендіру.
14. Құқықтық қатынастар.
15. Құқықты іске асыру және оның нысандары.
16. Құқықтық актіге түсінік беру. Құқықтағы ақтандақтар.
17. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.
18. Құқық және мінез құлық.
19. Құқық бұзушылық және құқықтық жауапкершілік.
20. Заңдылық және құқықтық тәртіп.
21. Құқық және тұлға.
22. Мемлекеттің құқыққорғау қызметтерінің ерекшеліктері.
23. Құқықтық мемлекет және оның Қазақстан Республикасында қалыптасу тәжірибесі.
24. Құқық: түсінігі, мәні, қағидалары.
25. Құқық және жеке тұлға.
26. Мемлекет түсінігі және оның белгілері.
27. Заңгердің кәсіби құқықтық санасы.
28. Қазіргі қоғамдағы құқықтық қатынастар.
29. Құқық жүйесі.
30. Құқықтық сана және қоғамдық қатынастың дамуындағы оның ролі.
31. Құқықты іске асырудың нысандары.
32. Мемлекеттің пайда болуы және тарихи дамуы.
33. Мемлекет механизмі.
34. Құқықтың қайнар көздері.
35. Саяси-құқықтық режим мемлекет нысанының құрамдас бөлігі ретінде.
36. Құқық нормасы әлеуметтік нормалар жүйесінде.
37. Құқық нормасы және құқықтық қатынас.
38. Адам құқықтары және оларды қамсыздандыру әдістері.
39. Мемлекет және құқықтың пайда болуының негізгі теориялары.

40. Қазіргі мемлекеттердің функциялары.
41. Құқыққа түсінік беру және олардың түрлері.
42. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық нигилизм
43. Құқықтық мемлекет және оның Қазақстан Республикасында қалыптасу тәжірибесі.
44. Құқық: түсінігі, мәні, қағидалары.
45. Құқық және жеке тұлға.
46. Мемлекет түсінігі және оның белгілері.
47. Заңгердің кәсіби құқықтық санасы.
48. Қазіргі қоғамдағы құқықтық қатынастар.
49. Құқық жүйесі.
50. Құқықтық сана және қоғамдық қатынастың дамуындағы оның ролі.
51. Құқықты іске асырудың нысандары.
52. Мемлекеттің пайда болуы және тарихи дамуы.
53. Мемлекет механизмі.
54. Құқықтың қайнар көздері.
55. Саяси-құқықтық режим мемлекет нысанының құрамдас бөлігі ретінде.
56. Құқық нормасы әлеуметтік нормалар жүйесінде.
57. Құқық нормасы және құқықтық қатынас.
58. Адам құқықтары және оларды қамсыздандыру әдістері.
59. Мемлекет және құқықтың пайда болуының негізгі теориялары.
60. Қазіргі мемлекеттердің функциялары.
61. Құқыққа түсінік беру және олардың түрлері.
62. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық нигилизм.

Басқа да сабақ түрлері

1. Семинар-диспут.
2. Семинар-конференция.
3. Дөңгелек үстел.
4. Рефераттар дайындау.
5. Баяндама дайындау.
6. Коллоквиумдар.
7. Жарыспалы әдіс.
8. Ситуациялық талдау әдісі (case-study).
9. «Интеллектуалды футбол» іскерлік ойыны.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері

Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Алматы, 1995ж.

«Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация 25 қазан 1990 ж. // Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, № 44, 25 қазан 1990 ж.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң, 16 желтоқсан 1991 жыл // Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, № 51, 1991 ж.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 07.10.98 ж. № 284-I; 21.05.07 ж. № 254-III, 02.02.2011ж. №403-IV Қазақстан Республикасының Заңдары

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 29.12.1995 ж. № 2737

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 04.06.2007ж. № 258-III ЗРК.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 28.09.95 ж., 08.05.1998 ж., 06.11.1998 ж., 06.04.1999 ж., 28.06.1999 ж.; 14.04.04 ж. № 545-II; 15.04.05 ж. № 44-III; 22.12.06 ж. № 208-III; 19.06.07 ж. № 268-III өзгерістермен.

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 02.10.1995 ж. № 2592 (06.05.99 г. N 376-I; от 24.11.04 г. N 604-II ҚР Конституциялық заңдарымен енгізілген өзгерістермен).

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 26.12.1995ж. Конституциялық заңы 06.05.1999 ж. өзгерістермен. Өзгерістер енгізілді: 06.05.99 ж. № 378-1; 11.12.06 ж. № 200-III; 19.06.07 ж. № 265-III. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 172бап; «Егемен Қазақстан», 28.12.95 ж.; «Қазақстан хабаршысы», 04.01.96 ж.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 20.07.2000 ж. // Егемен Қазақстан, 2000. 22 шілде

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мертебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 16.10.1995 ж. Өзгерістер енгізілді: № 91-1, 11.04.97 ж.; № 348-1, 12.03.99 ж.; 06.05.99 ж. № 377-1; 11.12.06 ж. № 200-III; 19.06.07 ж. № 266-III. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 21, 124бап; «Егемен Қазақстан», 18.10.95 ж.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 18.12.1995 ж. өзгерістер енгізілді: 24.02.97 ж. № 69-I; 06.05.99 ж. № 379-I; 24.11.04 ж. № 604-II; 19.06.07 ж. № 267-III. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 145бап; «Егемен Қазақстан», 21.12.95 ж.; «Қазақстан хабаршысы», 23.12.95 ж. № 158 (965).

«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 25.12.2000 ж. Өзгерістер енгізілді: 11.12.06г. № 199-III. ҚР Конституциялық заңымен //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 410бап; «Егемен Қазақстан», 30.12.2000 ж., № 334-335 (23347-23348); «Заң газеті», 10.01. 2001ж. № 1.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі Қазақстан Республикасының 5.07.2014 ж. № 235-V ҚРЗ

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Қазақстан Республикасының 03.07.2014 ж. № 226-V ҚРЗ

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі.– Қазақстан Республикасының 04.07.2014 ж. № 231-V ҚРЗ

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 24.03.1998 ж., Өзгерістер енгізілді: 17.10.01 ж. № 248-II; 06.03.02 г. № 298-II; 12.03.04 ж. № 536-II; 16.06.04 ж. № 566-II; 21.10.05 ж. № 81-III; 31.01.06 ж. № 125-III (әрекетке енгізілді 01.07.2006 ж.); 29.12.06 ж. № 209-III; 12.01.07 ж. № 222-III (қараңыз: әрекетке енгізілген мерзімдер); 18.06.07 ж. № 262-III; 29.06.07 ж. № 271-III; 27.07.07 ж. № 315-III.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 30.05. 2005 ж., № 54-III (28.02.2007 ж. өзгерістермен).

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 31.05.1996 ж.. Өзгерістер енгізілді: 23.03.2000 ж. № 39-II; 24.12.01 ж. № 276-II; 23.02.05 ж. № 33-III; 08.07.05 ж. № 67-III; 15.05.07 ж. № 253-III.

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15.07.2002 ж., № 344-II. Өзгерістер енгізілді: 23.02.05 ж. № 33-III; 08.07.05 ж. № 67-III; 15.05.07 ж. № 253-III.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 20.12.1991 ж., 03.10.1995 ж.; 17.05.02 ж. № 322-II; 04.10.04 ж. № 600-II; 20.12.04 ж. № 13-III; 22.05.07 ж. № 255-III өзгерістермен.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007ж., № 319-III.

«Азаматтардың діни нанымдары мен діни бірлестіктері бостандығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15.01.1992 ж.. өзгерістер енгізілді: 05.10.95 ж. № 2488; 05.10.95 ж. № 2489; 11.07.97 ж. № 154-I; 20.12.04 ж. № 13-III; 23.02.05 ж. № 33-III; 08.07.05 ж. № 67-III; 15.05.07 ж. № 253-III.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23.07.1999 ж.. Өзгерістер енгізілді: 04.06.01 ж. № 204-II; 11.03.03 ж. № 393-II; 25.09.03 ж. № 484-II; 08.07.05 ж. № 75-III; 15.05.07 ж. № 253-III; 21.07.07 ж. № 308-III; 27.07.07 ж. № 315-III.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 24.04.2014 ж..

«Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен

комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 07.05.1997ж., 19.05.1999ж. өзгерістермен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23.01.2001 ж., № 148-ІІ // Егемен Қазақстан, 30.01.2001ж. № 25-26 (23373-23374); «Заң газеті», 07.02.2001 ж. № 6-7; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3; 17бап.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 09.02.2009ж., № 126-4.

«Әкімшілік шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.11.2000 ж.. Өзгерістер енгізілді: 12.03.04 ж. № 536-ІІ; 18.06.07 ж. № 262-ІІІ; 27.07.07 ж. № 315-ІІІ. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379бап; Егемен Қазақстан, 30.11.2000 ж. № 304-305 (23317-23318); «Заң газеті», 06.12.2000 ж. № 52 (371)

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 08.12.1993ж.. Өзгерістер енгізілді: 19.12.95 ж. № 2691; 11.05.04 ж. № 552-ІІ; 20.12.04 ж. № 13-ІІІ; 04.11.06 ж. № 184-ІІІ.

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 21.12.1995ж., № 2709. Өзгерістер енгізілген: 19.06.97 ж. № 134-1; 02.07.98 ж. № 266-1; 07.04.99 ж. № 374-1; 23.07.99 ж. № 454-І; 29.03.00 ж. № 42-ІІ; 05.05.00 ж. № 48-ІІ; 10.10.01 ж. № 247-ІІ; 09.08.02 ж. № 346-ІІ; 10.07.03 ж. № 483-ІІ; 20.12.04 ж. № 13-ІІІ; 15.05.07 ж. № 253-ІІІ; 22.05.07 ж. № 255-ІІІ; 27.07.07 ж. № 320-ІІІ.

«Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен) 21.12.1995ж. // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157бап; Егемен Қазақстан, 30-31.12.95; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108бап; № 12, 184бап.

«2010 жылдан 2020 жыл аралығындағы Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 24.08.2009ж., № 858

«Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының өкілеттері және мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 27.07.2007ж., № 372.

«Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы құқығын қамтамасыз ету бойынша шаралар және Республика Президентінің кейбір актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестендіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (28.11.2007ж. жағдай бойынша толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті. //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.-1996-№6-7.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1996-№3. Өзгерістер енгізілді: 12.10.05ж. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулысымен, № 407-III.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті. 08.02.1996ж.

«Діни нанымдар еркіндігі және діни бірлестіктер қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының конституциялылығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің қаулысы. 04.04.2002ж.

Негізгі әдебиеттер

Биекенов Н.А Шапаққызы У. Салкебаев Т С. Мемлекет және құқық теориясы сұрақ жауап. Қарағанды -2004ж.

Биекенов Н .А. . Мемлекет және құқық теориясы сызба альбомы Қарағанды-2001

Бұлғакова. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы-2004

Жоламан Д.Қ. Мемлекет және құқық теориясы оқулық. Алм. 1999ж.

Жоламан К.Д., Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2001.

Мухтарова А.Н . Мемлекет және құқық теориясы оқулық Алм-2003

Ағдарбеков Т.Мемлекет және құқық теориясы оқулық. Қарағ. 2003

Мемлекет және құқық теориясы. Сызбалар мен анықтамалар. Қарағанды – 2002ж.

Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы. 2007.

Мемлекет және құқық теориясы — 2011 жылы Астана қаласы «Фолиант», авторы/құрастырушысы — Ғ. Сапарғалиев, А. Ибраева.

«Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы» оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2004 г.

«Мемлекет және құқық теориясы» оқу-әдістемелік құрал. Қопабаев О., С. Өзбекұлы Алматы, 2006 ж.

Т.А. Ағдарбеков, З.Т.Ағдарбекова, М.С.Данишбаева Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2012 ж.

Марченко М.Н. Теория государства и права. 2-е издание, исправленное и дополненное. Проспект, 2005.

Теория государства и права. Курс лекций под ред. Матузова Н.И., Малько А.В. М. 1999 г.

Қопабаев Ө.Қ., С.Өзбекұлы Мемлекет және құқық теориясы, Алматы, 2007ж.

Ғылыми әдебиеттер

Алексеев С.С. Восхождение к праву. Поиски и решения. 2-е издание, перераб. и дополн. М. 2002.

Булғакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы.- оқу құралы. —

Алматы: Заң әдебиеті, 2006.

Елюбаева Ж. Демократия и тоталитаризм Закон и время 2000 №1.

Жигуленков М.В. К вопросу о классификации функции государства. //Право и политика, 2002, № 8.

Исабаева А.С. Теория государства и права. Учебное пособие. Алматы, 2006 г.

Крусс В.И. Актуальные проблемы злоупотребления правами и свободами человека //Государство и право, 2002, № 7.

Марченко М.Н. //Проблемы правопонимания в связи с исследованием источников права// Вестник МГУ, серия право, 2002, № 3.

Матюхин А.А. Государство в сфере права: институциональный подход.-Алматы: ВШП «Әділет», 2000.

Нерсисянц В.С. Юриспруденция. Введение в общий курс теории права и государства. М. 1999; Его же. Философии права. М., 1999; Его же. Общая теория государства и права. М., 1999.

Общая теория права: Учебник для юридических вузов. / Под общ. ред. А.С.Пиголкина - М.: Изд-во МГТУ им.Н.Э.Баумана, 1998.

Права человека: Учебное пособие. –Алматы: Бастау, 2002.

Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. -Алматы: Жеті Жарғы, 2009.

Теория государства и права. Курс лекций. / Под ред. Н.И.Матузова и А.В.Малько - М.: Юрист, 1997.

Шапахқызы У., Салкебаев Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана, 2009.

Қосымша әдебиеттер

Абайдельдинов Е.М. Соотношение международного и национального права Республики Казахстан (проблемы становления приоритетности)-Алматы: Қазақ университеті, 2002.

Алимжан К. Вопросы теории обычного права. Алматы, 2003.

Ахметова Н.С. Кордас И.А. Формы систематизации законодательства // Вестник КарГУ. - Серия право. - 2011. - №2 (62). - С.27-33.

Байжанова Г.Т. Алтаева М.У.Мемлекеттің пайда болуының шығыстық жолы // Егеменді Қазақстанда құқықтық және саяси жүйенің дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011. - Б.72-78.

Байжанова К.Т., Турдыгулова Г.Д. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастырудың кейбір мәселелері //Қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуы: Ғылыми еңбектер жинағы. - Қарағанды: ЖШС «ГЛАСИР», 2010. - Б.92-97.

Баймаханов М.Т. и др. Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. Алматы, Жеті Жарғы. 1995.

Бирманова А.И. Қазақстан Республикасындағы алқа билер сотын құрудың құқықтық және әлеуметтік мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы. - Құқық сериясы, 2011. -№2(62).-Б.48-54.

Бобылев А.И. Общество, гражданское общество, личность, государство, право, их взаимодействие на современном этапе // право и политика 2001, № 3.

Гаджиев К.С. Концепция гражданского общества: идейные истоки и основные вехи формирования // Вопросы философии. -2011. -С.19-35.

Деннис Ллойд. Идея права /Перевод с английского М.А. Юмашева, Ю.М. Юмашева, научный редактор Ю.М. Юмашев –М.: «ЮГОНА», 2002.

Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы, 2002.

Маршак А.А., Дзодиев В. проблемы становления демократического государства в России. // Государство и право, 1997, N 8

Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 28.02.2007ж. Ел басының Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан, 01.03.2007

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекет саясатының басты мақсаты» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – // Егемен Қазақстан, 2008ж. 6 ақпан

Назарбаев Н.Ә. Ғасылар тоғысында. - Алматы, 1996 ж.

Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан – дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы. - Астана қ., 2009 жылғы 6 наурыз // Егемен Қазақстан, 06.03. 2009, № 91 (25488)

Назарбаев Н.Ә. Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық. Ел басының Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 25.10.2000ж.

Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 30 қаңтардағы N 33-35 (25881)

Назарбаев Н. Ә. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 11 қараша

Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 1997. 11 қазан.

Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-жолы - 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / 2014 ж . 17 қаңтар.

Подопригора Р.А.-Государство и религиозные организации (административно-правовые вопросы). –Алматы: Аркаим, 2002.

Савин В.Н. Ответственность государственной власти перед обществом. Государство и право. 2000, №12.

Саленко А.В. Россия – унитарная федерация: парадокс или реальность // Правоведение, 2001, №2

Сапарғалиев Г. Мухамеджанов Э., Жанузакова Л., Сакиева Р., Проблемы унитаризма в Республики Казахстан. Алматы. «Жеті Жарғы», 2000.

Суханов Е. А. Система частного права. // Вестник МГУ, 1994, N8

Табанов С.А. Совершенствование законодательства; теория и опыт Республики Казахстан. Алматы. Жеті Жарғы. 1999.

Ударцев С.Ф. Метаправо и правопонимание (о трансформации правопонимания на новом уровне правового развития).

Черепяхин Б.Б. К вопросу о частном и публичном праве. – М., 1994

Шайкенов Н.А. Правовое обеспечение интересов личности. Свердловск. 1991.

IV. Үлгілік оқу бағдарламасының авторлары

1. С.Н. Исаева – Қазақстан Республикасының Бас прокураторасы жанындағы Құқыққорғау органдары Академиясындағы мемлекеттік-құқықтық пәндер, азаматтық, әкімшілік және кеден құқығы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент.

2. С.С. Түсіпбеков – Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы.

3. П.К.Абылкас – Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы.